

"Бүркіт" мемлекеттік авиакомпаниясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 18 мамыр N 745

Арнайы рейстерді ұйымдастыру және Президент пен мемлекеттің өзге де лауазымды тұлғаларының ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында және Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Бүркіт" мемлекеттік авиакомпаниясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасының оны Кәсіпорынның мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің (бұдан әрі - Уәкілетті орган) функцияларын жүзеге асырушы органы етіп белгілеу туралы ұсынысына келісім берілсін.

3. Кәсіпорын қызметінің негізгі аясы Президент пен мемлекеттің өзге де лауазымды тұлғаларының арнайы рейстерін ұйымдастыру болып белгіленсін.

4. Уәкілетті орган заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Кәсіпорынның Жарғысын бекітсін және оның әділет органдарында тіркелуін қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

2) Кәсіпорынның жарғылық капиталын қалыптастырсын;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қолдансын.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) 1996 жылғы 17 қаңтардағы "Air Finance Europe Ltd" компаниясымен Келісімнің күшін жою жөнінде шаралар қолдансын;

2) мемлекеттік меншіктің тізіліміне "Air Finance Europe Ltd" компаниясының пайдалануында болған Boeing 757-200 ER, сериялық нөмірі 23454, тіркеу нөмірі P4NSN (бұдан әрі - Boeing 757-200 ER); Boeing 747SP, сериялық нөмірі 21962, тіркеу нөмірі P4-AFE (бұдан әрі - Boeing 747SP); Falcon 900B, сериялық нөмірі 159, тіркеу нөмірі LX-NAN (бұдан әрі - Falcon 900B) әуе кемелерін; МИ-8 МТВ "САЛОН", сериялық нөмірі 96275, тіркеу нөмірі UN 25401 (бұдан әрі - МИ-8 МТВ "САЛОН" тікұшағы) тікұшағын, МИ-8 МТВ-1, сериялық нөмірі 96102, тіркеу нөмірі UN 22957 (бұдан әрі - МИ-8 МТВ-1 тікұшағы) тікұшағын енгізсін;

3) Уәкілетті органмен келісім бойынша Boeing 757-200 ER, Falcon 900B әуе

кемелерін; МИ-8 МТВ "САЛОН" және МИ-8 МТВ-1 тікұшақтарын Кәсіпорынға берсін;

4) Boeing 747SP әуе кемесі "Эйр Қазақстан" жабық акционерлік қоғамына берілсін.

6. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Уәкілетті органның келісімі бойынша белгіленген тәртіппен Кәсіпорынға Ту-154, сериялық нөмірі 80А463, борттық нөмірі UN-85463; Ту-154, сериялық нөмірі 80А464, борттық нөмірі UN-85464; АН-12, сериялық нөмірі 02348304, борттық нөмірі UN-11373 әуе кемелерін берсін.

7. Көлік және коммуникациялар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) әуе кемелерін пайдаланушы ретінде Кәсіпорынды тіркеуді;

2) Кәсіпорынға берілген әуе кемелерін Қазақстан Республикасы Әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінде тіркеуді;

3) Кәсіпорынға әуе тасымалдарын жүзеге асыру құқығына лицензия беруді;

4) Кәсіпорынның әуе кеңістігін пайдалануға байланысты қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де шаралар қолдануды қамтамасыз етсін.

8. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

9. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі